



Жем қаласы Бейбітшілік көшесі, 7 құр-с  
Индекс: 030712, тел/факс: +77133452421  
Эл.почта: zhem5orta\_mektep@mail.ru

г. Жем ул. Бейбитшилик, 7 стр-е  
Индекс:030712, тел/факс: +77133452421  
Эл.почта: zhem5orta\_mektep@mail.ru

«29» 08 2024 ж.

№ 103

« 29 » 08 2024 г

### 2024-2025 оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы

ҚР ОАМ 10.07.2024 жылғы №1747 бұйрығының, Мектеп жарғысының, Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің, 29.08.2024 ж №1 педагогикалық кеңес шешімінің негізінде және кәсіподақ комитетінің келісімімен оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жаңа 2024-2025 оқу жылын 2024 жылғы 1-қыркүйектен ұйымдасқан түрде бастауды;
2. 1-ші сыныптарда оқу жүктемесі-33 оқу аптасын, 2-11 сыныптарда-34 оқу аптасын құрайды.
3. 1-11 сыныптарға мынадай каникул мерзімдері белгіленсін:  
күзгі-7 күн (2024ж.28қазаннан бастап 3 қарашасын қоса алғанда)  
қысқы-10 күн (2024 ж.30 желтоқсаннан 8 қаңтарды қоса алғанда)  
көктемгі-11 күн (2025 ж.21 наурызынан 31 наурызды қоса алғанда)  
1-ші сыныптарға қосымша 7 күн каникул еңгізілсін(2025 ж.10 ақпаннан 16 ақпанды қоса алғанда)  
4 оқу тоқсаны-сегіз апта
- 3.2024 ж 1 қыркүйекте «Мектебім-мейірім мекені»ұлттық құндылық аясында 1,11 сыныптар үшін салтанатты жиын өткізілсін.  
2-10 сыныптар үшін «Менің Отаным Қазақстан »бірыңғай сынып сағаттары өткізілсін.
- 5.Бекітілсін:
  - 5.1. ШО,МАД және 1-11-ші сынып оқушыларына арналған 5 күндік жұмыс аптасы;
  - 5.2. ШО және МАД білім алушыларының ҰОӘ кестесі; 1 сыныптар үшін сабақ кестесі;
  - 5.3. Сабақ ұзақтығы-45 минуттан
  - 5.4. Қоңырау кестесі:

#### I ауысым

- 1-сабақ-08.00-08.45
- 2-сабақ-08.50-09.35
- 3-сабақ-09.45-10.30
- 4-сабақ-10.40-11.25
- 5-сабақ-11.30-12.15
- 6-сабақ-12.20-13.05
- 7-сабақ-13.10-13.55

5.5.Директор орынбасарларының кезекші әкімгер ретінде мектепте кезекшілік ету кестесі  
Кезекшілік ету уақыты: I ауысым -07.30-13.50

Кезекші әкімгердің міндетін орындауда мектептің жарғысына сәйкес мектептің регламенттеу құжаттарын басшылыққа алу керек. Мектеп оқушылары мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауға ішкі тәртіп ережелерін сақтауға мектеп қызметкерлерінің жұмыс қызметін тіркеуге олардың лауазымдық қызметтерінің орындалуына, оқушылардың сабаққа 100 % қатысуына, олардың үзілісте тәртіп ережелерін сақтауына, мектеп оқушыларың тамақтауын бақылауға, энергия ресурстарының үнемді жұмсалуды бақылауға баса назар аудару керек.

5.6. Жаңа оқу жылына арналған штат кестесі мен оқу жүктемесі бекітілсін.

5.7. Жылдық күнтізбелік оқу кестесі бекітілсін.

6. Оқу жылының басы 1 қыркүйекке дейін директордың орынбасарлары:

6.1. Педагогикалық және санитарлық гигиеналық талаптарды сақтап, оқу кабинеттерінің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу жұмыс жоспарын дайындасын, бес күндік оқу аптасының аясында сабақ кестесін құрастыру жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес сабақтар кестесін құрастырсын және ҚР Оқу-ағарту министрлігі бұйрықтарын басшылыққа алып, оны мектептің қамқоршылық кеңесімен және ата-аналар комитетімен мақұлданды.

6.2. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын іске асыру мақсатында ӘБ отырысында оқу жұмысы жоспарының мектептік компонентінің барлық оқу бағдарламалары бекітілсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

К.М.Жұмыроваға жүктелсін.



А.А.Жақасов